Ұстазым

Ұстаз — біздің екінші Анамыз дегенге мен толықтай келісемін. Ұстаз — бұл бізді үлкен өмірге жетелейтін, дұрыс пен бұрысты үйретіп, білім беретін адам.

Менің өз ұстазым — өте жақсы кісі. Ол қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ береді. Бірақ жетекшім болған соң, ұстазым бір ғана пәннен емес, бүкіл пәннен сабақ беретіндей көрінеді. Әрқашан қандай қиындық болса да қасымыздан табылып, әр күні өз ақылын айтып, таңертең сабаққа күтіп алады. Сабақ біткен соң қоштасып, жылы лебізімен шығарып салады. Бұл біз үшін мектепке келуге үлкен мотивация десек те қателеспейміз.

Ұстазымыз бізді әрбір жарысқа қатыстырып, дайындап, үлкен белестерге жетелейді. Ол бізге бөтен адам сияқты емес, өзіміздің Анамыз секілді қарайды. Жарыстардан жүлделі орын алып жүргеніміз — апайымыздың арқасы. Қанша қиналса да бізді дайындап, керек кезде ақшалай да көмектесіп жүреді. Басқа қалаға жарысқа барсақ, өзінің отбасы бола тұра, бізбен бірге барып, сол жерде қолдау көрсетіп, жеңісімізбен құттықтайды.

Біздің көңіл-күйіміз түсіп, қиналып жүрсек, қолдауын ешқашан аямайды. Барында да, жоғында да жанымызда болуға әрқашан дайын жан. Ұстазымыздың бізге деген мейірімі шексіз. Ол кісі бізді өз балаларындай көреді. Әрқашан біздікі дұрыс болмаса да, бізді қорғап, жақтап жүретін Ұстазымыз.

Осы жыл — біздің мектептегі соңғы жылымыз. Ұстазымызбен өткізетін соңғы жыл екеніне әлі күнге дейін сенбейміз.

Жаркент қаласы
Еңбекші орта мектебінің 11 сынып
оқушысы Сулейманова Тахмина